

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## Зиярат туризмі Түркістаннан басталады

Түркістанды қазақ халқы мен түркітілдес елдердің ең ірі зиярат және туризм орталығына айналдыру бойынша атқарылып жатқан және жоспарланған жұмыстар аз емес. Алайда жуырда бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілген туристер көп баратын ең тартымды қалалар қатарынан Түркістанды таппадық.



Мұның бір себебін қысқартуға жиі ұшырайтын облыстық туризм басқармасының тиісті деңгейде жұмысты үйлестіре алмай отырғандығымен де байланыстыруға болар. Басқарма бұған дейін талай мәрте рет құрылып, талай рет басқа мекемелерге қосылды. Ол бірде спорт, енді бірде кәсіпкерлік, мәдениет басқармаларының құрамына кірді. Түркі әлемінің рухани астанасы атанған Түркістанды туризмнің Меккесіне айналдырамыз деп жатқан тұста басқарманың дербестігінен айырылуы нені білдіреді? Осы уақытқа дейін туризм саласындағы күтілген нәтижелердің болмауы себебінен бе? Миллиардтаған теңге жұмсалған «Керуен сарай», басқа да нысандар, орталықтар, қонақүйлер, мейрамханалар, форумдар мен жиындар Түркістанның туристік тартымдылығына жоғары деңгейде әсер етпеген сияқты.

Десек те, тарихи туризм ошақтары көп Түркістан облысында табиғаты әсем, шежірелі мекендер де жетерлік. ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енгізілген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, көне Отырар, Сауран қалашықтары, Отырар ауданындағы Арыстан баб кесенесі, Бәйдібек ауданындағы Домалақ ана кесенесі мен Ақмешіт үңгірі, Түлкібас ауданының қайталанбас әсем табиғаты, Ақсу-Жабағылы, Қаратау қорықтары, Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Қазығұрт тауы, Ақбура бұлағы, Қырық Шілтен жырасы, Машат шатқалы ел тұрғындарын және шетелдік туристерді қызықтырып, саяхат жасауларына негіз болып жатыр. Әрине, өңірге келушілер аттың басын әуелі Түркістанға бұрады.

Киелі шаһар өңірлік және халықаралық деңгейде туризмді дамыту үшін зор әлеуетке ие. Осы орайда қалада туристік инфрақұрылымды жақсартуға, соның ішінде қонақүйлер мен туристік кешендер салуға ерекше көңіл бөлініп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Экономикалық ынтымақтастық ұйымының 14-саммитінде Қазақстан туристік саланың үлесін 2025 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің 8 пайызына дейін жеткізуді көздеп отырғанын атап өтті. «Біз Орталық Азия елдері мен күллі түркі әлемі үшін қасиетті саналатын Түркістан қаласын белсенді дамытып жатырмыз. Тек 2020 жылдың өзінде қаланың инфрақұрылымына, Түркістанның туризмі мен логистикасына құйылған ішкі инвестиция шамамен 1 млрд долларды құрады. Түркістан Қазақстанның ТОП-10 туристік бағытына кірді. Бұл сіздердің елдеріңіздің инвесторлары мен туристері үшін тартымды өңір болмақ», деді Президент.

Түркістан қаласында туризмді дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған қалалық мақсатты бағдарламасының тұжырымдамасы әзірленген. Осы жылдары туризм саласына тартылатын жеке инвестициялар көлемі 20700,0 млн теңге болып, бірқатар жобаны жүзеге асыру көзделген. Мысалы, 2023 жылы құны 4000,0 млн теңге болатын 2 нысан салынбақ.

Қалаға келушілер саны да арта түсуде. Кейінгі 3 жылда туристер саны 25%-ға артқан. Былтыр 1 күндік келуші және туристер саны 1451,5 мың адам болып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,4%-ға артты. Ішкі туристердің саны 43,3%-ға, орналастыру орындары 31,1%-ға, нөмірлер саны 42,8%-ға, төсек-орын саны 34,1%-ға ұлғайды. Сондай-ақ өткен жылдың III тоқсаны бойынша орналастыру орындарынан көрсетілген қызмет көлемі 2,134 млрд теңге болып, өсім 145,6%-ды құрап отыр. Облыс орталығы болғалы қалада мәдени-рухани, рекреациялық орталықтар, парктер салынып жатыр. Тарихи ескерткіштердің қайта қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен тұрақты түрде жүргізілуде. Мысалы, 2021-2022 жылдары Қ.А.Ясауи кесенесінің күмбезі, «Сұлтан Бегім» кесенесінің сыртқы және ішкі бөліктері, «Жұма» мешіті туристік нысандарына реставрациялық жұмыстар жүргізілді. Биыл жоспар бойынша ортағасырлық «Жеті ата» көшесін қалпына келтіру жұмыстары аяқталады. Туристердің келуіне септігін тигізіп жатқан Түркістан қаласының әуежайы халықаралық стандарттарға сәйкес жобаланған. Қазіргі таңда еліміздің 13 қаласынан бөлек Ыстанбұл бағытында тұрақты рейстер қойылған. Оның ішінде 11 қалаға субсидияланған рейстер ашылған. Қала тұрғындары мен қонақтарына 5 автовокзал қызмет көрсетеді. Туристік орындарға апаратын барлық автомобиль жолдары күрделі жөндеуден өткізіліп, арнайы автотұрақтармен қамтамасыз етілген. Темір жол көлігін дамыту мақсатында 2024-2026 жылдарға Ташкент – Шымкент – Түркістан бағытында жоғары жылдамдықты теміржол жобасын іске асыру

жоспарлануда. Қалада емдік, оқиғалы туризмді дамыту үшін бірқатар шара ұйымдастырылмақ. Түркістан қаласының Шәуілдір тасжолының бойында минералды су көзі орналасқан. Мамандардың айтуынша, 1 300 метр тереңдіктегі судың қасиеттері «Ессентуки», «Трускавец», «Вытаутас» санаторийлерінің және Удмуртиядағы НовоИжевск минералды бұлақтарының суларымен бірдей. Бейресми ақпаратқа сүйенсек, қалаға күніне 10 мыңға тарта адам келіп-кетеді екен.

«Ішкі туризмді дамыту сыртқы туризммен қатар жүруі маңызды. Ол тек Бұқаланың сыртқы көрінісімен ғана емес, ел тарихымен танысуға, білуге жол ашады. Мұны қала халқының мәдениеті мен экономикалық дамуына айтарлықтай оң әсерін тигізеді деп толық сеніммен айта аламыз. Себебі қаланы тамашалау кезінде тасымалдаушы такси жүргізушілері, сауда жасаушылардың, қонақүй қызметіне сұраныс артады. Қала туризмінің дамуы жаңаша тыныс алып, дамыту бағытында атқарылар шаруалар әлі көп», дейді Түркістан қаласының әкімі Нұрбол Тұрашбеков.

Туризм саласындағы кадрларды даярлау да жоғары деңгейде дамып келеді. Мысалы, 2020 жылы ашылған Халықаралық туризм және меймандостық университетінде 1 810 студент тәлім алып, біліктілігін шыңдауда. Сондай-ақ қалада Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 200-ге жуық және Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжінде туризм саласында 100-ге тарта кадр даярлайды. Былтыр нұсқаушы-аудармашы курсы арқылы 32 гид білімін жетілдіріп, туристік-экскурсиялық ұйымдарда қызмет көрсетіп жатыр. Туристерді тарту, кәсіпкерлікті дамыту ғана емес, мәдени мұраны сақтап қалу мақсатында қалада қолөнершілер шеберханасы бар кешен салынбақ. Қолөнершілер қалашығының жалпы аумағы – 9 мың шаршы метрге жуық. Ұлы Жібек жолының бойындағы шаһардың орталығында орналасатын жаңа қалашықтың жобасы ерекше. Алдағы уақытта өңірде қолөнершілерге қолдау көрсету арқылы жұмыс орындарын ашу, туризмді дамыту көзделуде. Сондай-ақ 2023 жылы «Сауран», «Гаухарана» және «Ордабасы» визит-орталықтарының құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.

Түркістан облысы аумағында 1 754 тарих және мәдениет ескерткіші, оның ішінде 1 халықаралық маңызы бар нысан, 31 республикалық маңызы бар, 421 жергілікті маңызы бар ескерткіш бар. Сондай-ақ өңірде 225 орналастыру орындары және 68 санаториялық-курорттық ұйымдар жұмыс істейді. Бұған қоса 4 ерекше қорғалатын табиғи объект – ЮНЕСКО биосфералық объектілерінің тізіліміне енгізілген «Ақсу-Жабағылы» және «Қаратау» қорықтары, сондай-ақ «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркі және «Сырдария – Түркістан» өңірлік табиғи паркі орналасқан. Өткен жылы бір күнде «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне – 805 383, «Отырар» мемлекеттік

археологиялық қорық-мұражайына 420 064 адам келген. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға келушілер саны 74 970 адамға жетті. Былтыр жалпы сомасы 22,86 млрд теңгеге 19 туристік нысан салынып, пайдалануға берілді. «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының директоры Жангелді Махашовтың мәліметінше, Арыстан баб кесенесіне жылына 350 мыңнан аса адам келеді екен.

«Осы көрсеткіш 1 миллионға жетсе, бізге сервистік қызмет түрлерін көрсететін қаншама жұмыс орындары қажет болады. Бұл дегеніміз – Арыстан баб кесенесіне бір күнде 3 мыңнан аса адам келсе, оларға жатын орынға, ішер ас пен сусынға, кәдесый өнімдері мен қолөнер бұйымдарына сұраныс артады. Осындай сұраныс пайда болған жерде қызмет көрсету саласының дамуына серпін береді. Сонымен қатар Отырар өлкесінде агротуризмді, селфитуризмді, балалар мен жасөспірімдер туризмін, су туризмін, гастрономиялық туризмді дамытуға мүмкіндік мол. Өлкеде осы аталған туризм салаларын дамытуды қолға алып, мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінсе, үлкен жетістіктерге жетер еді», дейді Ж.Махашов.

Иә, зиярат туризмі көптеген мұсылман елде жақсы дамыған. Қажылыққа барудың өзі – зиярат туризмінің бір түрі. Мұсылман елдеріндегі зиярат туризмі – мемлекеттің және діни басқармалардың тікелей қамқорлығында. Қазіргі таңда мінәжат етуді дамыту құралы ретінде діни туризмге көп көңіл бөлініп жатыр. Бұл орайда теолог мамандар Түркістан облысы көлемінде зиярат ету орындарында интернет және байланыс нашар, шетелдік туристер кейде сол зиярат орнынан сурет, видео, естелік, сәлемдеме жолдауға мүмкіндік таппай жататынын айтады. Зиярат, тарихи-мәдени орындардың электронды нұсқада гид анықтамасы жасалғанын қалайтындар да аз емес. Аталған құрылғы қазіргі таңда тек Қ.А.Ясауи және Арыстан баб кесенелерінде ғана қолжетімді екен. Сондай-ақ кесене, қабір, киелі орындардағы шырақшы, гид қызметі өкілдерінің біліктілігін, туризм, зиярат мәдениетін қалыптастыратын семинарлар ұйымдастыру арқылы сапаны арттыру қажет.

Зиярат ету мақсатында өңірге келушілер көп, дегенмен тамаша табиғат аясында демалуды қалайтындар да аз емес. Мысалы, табиғаты ерекше Төлеби ауданында туризмді дамыту бағытында шаңғы базасы, 4 емдік-сауықтыру орны, 71 демалыс аймағы жұмыс істеуде. Ауданға 34 552 демалушы келіп, жалпы 662 млн 416,0 мың теңгеге қызмет көрсетілді. Демалыс орындары негізінен жыл мезгілдеріне орай, тынығушыларға тауда тынығу, атта серуендеу, шаңғы тебу, сырғанау секілді қызмет түрлерін ұсынады. Таудың әсемдігін тамашалап, таза ауамен тыныстап, шаңғы тебуді қалайтындарға «Тау Самалы» демалыс аймағының «Алатау» тау шаңғы базасы қызмет көрсетеді. Ал демалып қана қоймай, денсаулығын түзейтіндер «Біркөлік» санаториясына, саумалмен емделушілер арнайы «Дихан тау» сауықтыру орталығына барады. Тау

туризмін дамыту мақсатында «Қасқасу туристік-рекреациялық кешенінің» құрылысы жүргізіліп жаыр. Кешен іске қосылған кезде аудан аумағынан екінші Шымбұлақ іске қосылады деп жоспарлануда. Айта кетелік, туризм басқармасының мәліметінше, 2019-2022 жылдары облыстың туристік саласына инвестиция 324 млрд теңге болған, оның 78 млрд теңгесі – мемлекеттік.

**Ғалымжан ЕЛШБАЙ**